

Тебенова Қ.С., Алишева С.Қ.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті,

Қазақстан

Есту қабілеті зақымдалған балалардың жалпы білім беретін мектептерде оқу барысындағы кейбір қиындықтары

Жалпы білім беретін мектептерде оқитын даму мүмкіндігі шектеулі оқушылар ішінде есту қабілеті зақымдалған балалардың саны, басқа мүмкіндігі шектеулі балалармен салыстырғанда тым аз. Республикалық психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңесінің 1-қаңтар 2011 жылғы санағы бойынша олардың жалпы саны 479 адамды құрайды, бұл жалпы даму мүмкіндігі шектелі (ДМШ) балалардың жалпы санының (35466) 1,3% ғана құрайды екен. 2006 жылмен салыстырғанда, сол жылы есту қабілеті зақымдалған балалар саны 653 болса, бұл жалпы ДМШ (30548) балалардың 2% құраған. Ал 2010 жылы түзету-педагогикалық қолдауын есту қабілеті зақымдалған балалардың 27% пайдаланған. 2006 жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш 12%-ға өсіп отыр.

Көріп отырғанымыздай, жалпы мектептердегі есту қабілеті зақымдалған балалардың саны жыл сайын өсіп келеді. Соған қарамастан, бұл топтағы мүмкіндігі шектеулі балалар түзету-педагогикалық қолдауды көбірек талап етеді. Болашақта кохлеарлы-имплант балалардың көбейіп, оларды бейімдеу тиімді нәтиже береді деп күтілуде [1-3].

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы «Даму мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзете қолдау» Заңында арнайы білім беру қызметін көрсету бекітілген [4]. Бұл Заңның орындалу ретін ҚР ғылым және білім министрлігінде даму мүмкіндігі шектеулі балаларды инклюзивті білім беру жағдайында дамытуды ұйымдастырудың әдістемелік нұсқаулық ретінде көрсетті [5].

Халықаралық білім беру стандартына сәйкес, мектептердің білім беру мазмұнын және оқу жетістігін деңгейлік бағалауды меңгеруге ерекше қабылдап, Білім берудің мазмұнын игеруге және білім берудің халықаралық стандарттарына сәйкес келетін білім жетістіктерін жоғары бағалауға құзыреттілік көзқарастарын мүмкіндігі шектеулі балаларды интеграциялаудағы сапалы өзгерістерді мектептерге көшіруді ерекше атап өту қажет. Оқу процессіне оқушылардың өзіндік интеллектуалдық қабілеттерін максималды қолдана алатын ақпараттық-коммуникативті технологияларды енгізу де маңызды. Сонымен қатар, жоғарыдағы атап өткен Заңның талаптарын орындау үшін, нормативті және бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз етунің деңгейі жеткіліксіз.

Көбінесе, жалпы білім беретін мектепте оқитын есту қабілеті зақымдалған бала оқу барысында кездесетін қиындықтармен күрсуде жалғыз өзі қалып қояды. Арнайы түзету мектептерінде бұл қиындықтарды оқытудың арнайы құралдарының көмегімен жеңетін болса, жалпы білім беретін мектептерде бұндай жағдайын туындауына психологиялық-педагогикалық қолдаудың жетіспеушілігі және әлеуметтік-психологиялық мәселелер кедергі болады.

Л.С. Выготскийдің айтуы бойынша есту қабілеті зақымдалған балалардың бейімдеуде олардың өмір сүру үлгісі мен әлеуметтік жағдайының дамуымен тығыз байланысады, олардың қиындықтары да әртүрлі.

Ең көп таралған мәселе оқушының түсіндірілген материалды толық түсінбеуі болып отыр, бұл әрине, мұғалімнің материалды түсіндірудегі кәсібилігінің аздығы.

Нашар еститін бала өздігімен немесе ата-анасымен бірігіп сабақ тақырыбын түсінуге тырысады. Бұл оған тек бастапқыда көмегін тигізеді. Кейіннен оқу материалы қиындай түседі, сондықтан ол кейбір тақырыптарды түсінбей, сабақты меңгере алмай қала беретін болады.

Ендігі мәселе оқу материалы еш түсінбей, тек механикалық тұрғыдан жаттап алу болып табылады. Мұғалімнің күнделікті басқаруы және

психологиялық-педагогикалық қолдаусыз нашар еститін бала бойында білімді саналы түрде игере алу қабілетін қалыптастыру оңайға соқпайды.

Келесі бір мәселе, сыныптағы психологиялық ахуалдың ұнамсыздығы. Яғни, ұжымдық, бірлік және бір-біріне деген мейірімділікті сезінбеу, нашар еститін баланың психикасына ауыр әсер етеді. Сондықтан да ол өзін сыныпқа кері әсерін тигізуші, ыңғайсыздықты туыдырушы ретінде сезінеді. Оларда өзі туралы теріс пікір қалыптасып, бойында өзіне деген сенімсіздік, қобалжу пайда болып, өзін-өзі бағалауы төмендейді.

Кейбір мұғалімдердің пессимистік көзқарасы есту қабілеті зақымдалған оқушылардың білімдері мен қабілеттерін бағалайтын бағаға қатал жауап беру, олардың өздерінен күткен үміттеріне көңілі толмау және олардың жетістіктеріне сенбеушілік, психологиялық шиеленісін күшейтеді. Бұл жағдай есту-қабілеті зақымдалған баланың қадір-қасиетіне, оның өсірлік талаптарына кері әсер етеді.

Қандай да бір жетістікке жеткен нашар еститін оқушыны қолдау, сыныптың жағымды қарым-қатынасы кейде тек 1-2 ауыз мақтау сөзбен ғана шектеліп жатады. Нашар еститін бала үшін басқа баламен дос болу да оңайға түспейді, себебі қалыпты дамушы балалар өздеріне көбірек сөйлесе алатын құрдас таңдағанды жақсы көреді. Тек кейбір нашар еститін балаларда ғана сыныптастарымен өзара түсінуушілікке, өзара қолдау көрсету, бір-бірін құрметтеуден негіз алған нағыз, адал достық орын алаып жатады. Мұндай балалар сабақты жақсы оқиды, мектепті табысты аяқтап, колледж, жоғары оқу орындарына түсіп, кейін қоғамда басқа адамдармен бірдей жұмыс жасап кетеді. Қазіргі кезде есейген интеграцияланған нашар еститін балаларға қарап, олардың оқуда табысты болуына әлеуметтік және өзара қарым-қатынас басты роль атқаратынын дәлелдеуге болады. Оптимистік қатынас, білімге деген құштарлық және өз мүмкіндігін саналы түрде бағалай алу интеграциялау үшін күшті ынталандыру болып табылады. Бұл қасиеттер болмаса, нашар еститін баланың жалпы білім беретін мектепте қанша білікті түзету жұмысын жүргізетін болсаңыз да нәтижесі төмен болады.

Интеграцияланған сыныпта сабақтың жақсы нұсқада қалай өтетінін қарастырайық. Есту қабілеті зақымдалған бала мұғалімге ең жақын орналасқан бірінші партаға отырғызылады. Есту аппаратының және еріннен оқи алатын мүмкіндігін пайдаланып басқа сыныптастарымен бірлесіп мұғаліммен сәлемдеседі. Өзінің бар зейінін сабаққа аударып, басқа балармен қоса сабаққа кіріседі. Ол барынша өздігімен жұмыс жасауға тырысады. Егер мұғалімнің айтқандарын естіп үлгермей жатса, қасындағы досының дәптеріне көзін салыпқарайды немесе үлгермей, жіберіп алған жерлерін мұғалімге айтады. Досы мен екеуінің ортасында өзара түсінушілік пен келісім орын алғандықтан, олардың көңіл күйлері мен сабаққа деген ынталары бір қалыпты.

Сабақ барысында мұғалім нашар еститін балаға бірнеше мәрте жақындап келіп, тапсырмаларды орындаудағы үлгеріп отыруын қадағалайды. Мұғалімнің сөздері мен сұрақтарына бала жауап береді және дұрыс қабылдайды. Тақтаға шыққан нашар еститін оқушы тілдік ерекшеліктері мен сөйлеудегі қателіктеріне қарамастан, өз жауабын ауызша айтып, тақтадағы жазылған жазбаларын түсіндіреді.

Сабақ соңында оқу материалдарына қатысты ақпараттарды нақтылау мақсатында естуі зақымдалған оқушы мұғалімге жеке жолығып отырады. Күнделікті күн тәртібі бойынша, сабақтан кейін де өзін-өзі дамыту мақсатында сабақтан тыс білім алады. Өз білімін жетілдірген сайын, бала бойында қоршаған орта жайлы кері қабылдаулары өзгереді және жаңа сабақтарды игеру жеңілдейді.

Біз сипаттап берген сабақтың нұсқасы өте қарапайым болып көрінеді. Алайда, бұл қарапайымдықтың астарында әлеуметтік-психологиялық және өзара қарым-қатынас тұрғысынан үлкен мәселе жатыр.

Есту қабілеті зақымдалған жалпы және инклюзивті мектептерде оқитын балалар саны саусақпен ғана санарлықтай. Осының өзі бұл балалардың мәселесінің үлкен екендігіне бірден-бір дәлел. Сабақ барысында есту қабілеті зақымдалған бала есту және естикөру арқылы мұғалім және басқа оқушылармен тілдесуді игеруі керек. Бұл қарым-қатынас арқылы ол өзінің

сыныптағы орынын табады және мектеп ішіндегі қарым-қатынасын бір саты жоғарылатады.

Сабақтан кейін есту қабілеті зақымдалған бала түзету сабақтарына барып, есту арқылы қабылдауы мен айтуындағы олқылықтарды толықтырады, грамматикалық және лексикалық сөйлеу тілін одан әрі жетілдіреді, әр түрлі жағдайларды түсініп, дұрыс шешім қабылдауды үйренеді. Түзету сабақтары кейбір мектептердегі «Түзету кабинетінде», кейде ата-анасының қолдауымен жекелей ақылы сурдопедагогтардың көмегіне жүгініп жатады. Түзету жұмыстарының нәтижесі интеграция барысындағы нашар еститін балада кездесетін қиындықтарды жеңу және жалпы мектептегі оқуды жеңілдету үшін аса тиімді.

Жалпы білім беретін мектептерде оқитын мүмкіндігі шетеулі баланың психологиялық тұрғыдағы саулығына педагогтар мен ата-аналар моральдық жауапкершіліктерін сезінулері тиіс және сол тұрғыда әрқашан баланың психо-эмоционалдық дамуына үлкен көңіл бөлуі тиіс.

Әдебиетер:

1. Баймуратова А.Т. Самореализация слабослышащих детей в условиях интеграции в общеобразовательные школы // Вестник университета «Кайнар». – 2009. – №4.
2. Жалмухамедова А.К. Мониторинг эффективности программ кохлеарной имплантации детей с нарушением слуха в Республике Казахстан // Вестник КазНПУ. Серия «Специальная педагогика». – Алматы, 2010. – №4 (23).
3. Рекомендации по организации интегрированного (инклюзивного) образования детей с ограниченными возможностями в развитии. – Алматы: МОН РК, 2009.
4. О социальной и медико-педагогической коррекционной поддержке детей с ограниченными возможностями: Закон РК. – Алматы, 2002.
5. Сулейменова Р.А. История вопроса инклюзивного образования в Республике Казахстан // Специальное образование в Казахстане. – 2010. - №2 (33).